#ТӘРБИЕ

Ойлы қойылым – санаға серпіліс

Серік ҚҰСАНБАЕВ
Жібек НҰРАХМЕТ

Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театры жанынан құрылған «Samga» жас көрермендер театры Өскемен қаласындағы мектеп оқушыларына «Таңдау» атты тәрбиелік мәні зор қойылымын ұсынды.

Қойылымның негізгі идеясы – қазіргі қоғамда жеңіл жолмен ақша табуды көздеп, теріс бағытқа түсіп кететін жастар тағдыры арқылы көрерменге ой салу, саналы таңдау жасауға жетелеу. Сахнадағы оқиға желісі өмірлік шындыққа негізделген.

Алты-жеті актер сомдаған туынды жас көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Зал толы оқушының ықыласпен қабылдауы, үздіксіз шапалақ соғуы қойылымның әсерлі өткенін аңғартты.

– «Таңдау» қойылымының сценарийін өзім жазып, сахнаға алып шықтым. Тұсаукесері өткен жылы өтті. Содан бері қаладағы бірқатар мектеп пен оқу орнында қойылып келеді. Басты кейіпкер – студент Азат. Ол жеңіл ақша табамын деп қателікке бой алдырып, ақыры он жылға бас бостандығынан айырылады. Алайда өмірдің ауыр сынақтарынан өткен соң, ол дұрыс жолды таңдауға бет бұрады. Осы арқылы біз көрерменге әр таңдаудың салдары бар екенін жеткізгіміз келеді, – дейді қойылым авторы әрі режиссері Жантай Тұрысбеков.

Шығармада есірткі тасымалы, «закладка» арқылы табыс табу секілді қауіпті құбылыстардың салдары ашық көрсетіледі. Сонымен қатар, достық ортаның ықпалы, отбасы тәрбиесі, ата-ана мен бала арасындағы түсіністік мәселелері де терең қозғалған.

Мамандардың айтуынша, мұндай қойылымдар – жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімді тетіктерінің бірі.

– «Таңдау» қойылымы ШҚО полиция департаментінің ұсынысы мен қолдауымен ««Samga» даму орталығы тарапынан дайындалды. Бұл жоба алдын алу жұмыстарының жаңа әдістемесі ретінде қарастырылып, полиция департаментінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

– Бұл жоба ШҚО полиция департаментінің алдын алу шаралары аясында жүзеге асырылып отыр. «Таңдау» – жай ғана спектакль емес, бұл – қоғамға үнсіз ескерту. Қойылымда жасөспірімдердің нашақорлыққа тәуелділігі, оңай ақшаға ұмтылуы, отбасыдағы тәрбиенің рөлі көрініс табады. Кейде балаға сөзбен жеткізе алмағанды сахна бір сәтте сезіндіре алады. Театр – тек өнер ордасы емес, ол – тәрбие құралы, – дейді «Samga» даму орталығының жетекшісі Әлия Көңілханқызы.

– Біздің тәлімгерлеріміз – облыстық театрдың кәсіби актерлері мен кино саласының тәжірибелі мамандары. Балалар мен жасөспірімдерге сахналық мәдениет, сөйлеу шеберлігі және актерлік өнердің негіздері кәсіби деңгейде үйретіледі, қойылымдар қояды.

#ҚҰҚЫҚ

Өңірде 80 млн теңгеден астам алимент өндірілді

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау және алимент өндіру туралы сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

Қадағалау органы мәліметінше, алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерге қатысты мәжбүрлеу шаралары қолданылуда. Атап айтқанда, олардың шетелге шығуына шектеу қойылып, кейбіріне іздеу жарияланған. Сонымен қатар, заңға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту шаралары қолға алынған.

Жыл басынан бері өңірде 29 борышкер әкімшілік, ал 8 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Прокуратура тек борышкерлерді ғана емес, сот орындаушыларының жұмысын да бақылауда ұстап отыр. Жүргізілген тексерулер барысында заң бұзушылықтар анықталған.

Мәселен, үш кәмелетке толмаған баланың пайдасына алимент өндіру туралы істердің бірінде сот орындаушысы берешекті ұзақ уақыт есепке алмаған. Соның салдарынан қарыз көлемі туралы мәліметтер бұрмаланған.

Бұдан бөлек, 2024 жылы өндірілген 300 мың теңге көлемindегі қаражат өндіріп алушыларға уақтылы аударылмаған. Қаражат тек прокуратураның араласуынан кейін ғана иелеріне жеткен.

Аталған дерек бойынша облыс прокуратурасы тәртіптік іс қозғап, нәтижесінде сот орындаушысы Қазақстан Республикасы Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы қатарынан шығарылған.

Жалпы қабылданған шаралардың нәтижесінде 328 баланың пайдасына 80 миллион теңгеден астам алимент қарызы өндірілді.

#ӨЗЕКТІ

Нашақорлықпен күрес қалай жүріп жатыр?

Ержан ӘБІШ

Облысымызда нашақорлықтың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы күрес күшейтілді: жыл басынан бері 80-нен астам іс-шара өтіп, 14 мыңнан астам жас қамтылды, ал алғашқы тоқсанда есірткіге қатысты 82 құқық бұзушылық анықталды. Сонымен қатар заңсыз айналымнан 45 келіден астам есірткі тәркіленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында заңның үстемдігі мен қоғамдық тәртіптің ел дамуының басты кепілі екенін атап өткен болатын. Осыған орай өңірде тәртіпті нығайтуға, заң бұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

«Esbol Qory» қорының төрағасы Жандос Берікұлының мәлімдеуінше, жыл басынан бері Жастар ресурстық орталықтары 80-нен астам іс-шара ұйымдастырып, 14 мыңнан астам жасты қамтыды. Бұл бастамалар жастар арасында заң мен тәртіп құндылықтарын кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар «Esbol Qory» республикалық қорымен бірлесе жүзеге асырылып жатқан «Esirtkisiz Qazaqstan» жобасы нашақорлықтың алдын алу жұмыстарын жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Қазіргі кезде облыста мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 25 жоба іске асуда. Аталған жобалар нашақорлықтың, лудоманияның, буллингтің алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізуге, тұрғындардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Облыстық полиция департаментінің мәліметіне сәйкес, алғашқы тоқсанда есірткінің заңсыз айналымына байланысты 82 қылмыс анықталған. Оның 44-і есірткі сатуға, 3-і аса ірі мөлшерде сақтауға, 2-і есірткі өсіруге, 4-і есірткі жарнамасына қатысты.

Сонымен қатар құқық қорғау органдарының жұмысы нәтижесінде 2 фитозертхана мен синтетикалық есірткі дайындайтын 1 зертхана жойылды. Заңсыз айналымнан 45 келіден астам есірткі тәркіленді, оның ішінде 19 келіден астамы – синтетикалық заттар. Қазір өңірде есірткіге тәуелді 1132 адам есепте тұр.

Жалпы, нашақорлықтың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы күрес шаралары полицияның тұрақты бақылауында. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

#STOP ПИРАМИДА

Қаржы сауаттылығы – қауіпсіздіктің кепілі

Елизавета СЕДЫХ

Өскемен қаласында педагогикалық қауымдастық өкілдерімен ауқымды кездесу өтіп, қаржылық алаяқтықтың алдын алу және пирамидаларға қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Қала әкімдігінде өткен «STOP ПИРАМИДА!» атты кездесу білім беру саласы қызметкерлерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталды. Ұйымдастырушылар аудиторияны кездейсоқ таңдамағанын атап өтті. Педагогтер – қоғамдағы пікір көшбасшыларының бірі, олар алған ақпаратты тек әріптестері арасында ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналарына да жеткізе алады.

Жиын барысында құқық қорғау органдары мен қаржылық мониторинг қызметінің өкілдері заманауи қаржы пирамидаларының жұмыс істеу тетіктерін жан-жақты түсіндірді. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жүргізілетін агрессивті жарнамаға ерекше назар аударылды. Мұндай платформаларда алаяқтар қысқа мерзімде жоғары табысқа уәде беріп, азаматтарды күмәнді жобаларға тартатыны айтылды.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Жандос Мұзтаевтың айтуынша, 2021 жылдан бері елімізде 100-ден астам қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылған. Оның ішінде облыс аумағында да ірі екі жағдай тіркеліп, кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылған.

— Бұл пирамидалар бастапқыда ірі қалаларда пайда болып, кейін өңірлерге тарады. Біздің облыста да осындай екі ірі жағдай болды. Қатысы бар тұлғалар заң алдында жауап берді, — деді ол.

Мамандардың пікірінше, профилактикалық жұмыстар қаржы пирамидаларына қарсы күрестегі ең тиімді тәсілдердің бірі саналады.

Өз кезегінде бастауыш сынып мұғалімі Ольга Чиркина мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтті.

— Бүгін айтылған ақпарат өте өзекті. Қазір алаяқтардың құрбанына айналып жатқан адамдар көп. Олардың схемалары үнемі жетілдіріліп, тіпті жасанды интеллектті де пайдалана бастады. Сондықтан кез келген адам оңай алдануы мүмкін. Біз балаларға ерте жастан қаржылық сауаттылық негіздерін үйретуіміз керек, — деді педагог.

Кездесу барысында қатысушыларға күмәнді ұйымдарға тап болған жағдайда әрекет ету алгоритмі түсіндірілді. Сонымен қатар педагогтерге компанияларды тексеруге мүмкіндік беретін «Baiqa, piramida!» Telegram-ботын қолдану ұсынылды.

#ТҮЙТКІЛ

Ұлан ауданындағы туристік жоба: инвестор жер телімін күтіп жүр

Арман САПАРҒАЛИ

Ұлан ауданында заманауи туристік аймақ құру ішкі туризмді дамытудағы маңызды қадамдардың біріне айналуы мүмкін. Жеке инвестор бастамашы болған жоба жыл бойы жұмыс істеуге бағытталған. Алайда қазір оның іске асуы тоқтап тұр, негізгі кедергі – жер телімінің болмауы.

Жобаны жүзеге асыру барысы мен өзекті мәселелері облыстық Кәсіпкерлер палатасында өткен туризмді дамыту жөніндегі кеңесте талқыланды.

Құрылыс кешеніне қонақ үйлер мен коттеджде, отбасылық демалыс аймақтары, дәмхана мен сервистік нүктелер, шолу алаңдары, серуендеу бағыттары, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымы бар абаттандырылған аумақ енеді. Жобаның экологиялық тазалығына және табиғи ландшафтпен үйлесімділігіне ерекше мән берілген. Жобаның басты бағыты – иппотерапияны дамыту, яғни ерекше балаларды оңалту және қолдау.

– Біз жобаға бастапқыдан тек коммерциялық емес, әлеуметтік миссияны да енгіздік. Бұл – аумақты дамыту, жұмыс орындарын ашу, туристер ағынын арттыру. Кешен түрлі санаттағы демалушыларға арналған – отбасыларға, жастарға, өңір қонақтарына. Алайда қазір алға жылжи алмай отырмыз, жерсіз құрылыс бастау да, инфрақұрылым тарту да мүмкін емес, – деді инвестор Мәди Мәдиев.

Ұлан ауданы жер қатынастары бөлімінің өкілі Серік Оразхановтың айтуынша, мәселе сұралған жер телімдерінің құқықтық мәртебесіне байланысты.

– Аталған телімдер – елдімекен жерлері. Оларды беру үшін міндетті түрде бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы болуы қажет. Қазір бұл елдімекенде ондай жоба жоқ. Жыл сайын біз 2-3 осындай жоспар әзірлейміз. Биыл үш елдімекен қамтылады, оның ішінде туристік әлеуеті жоғары аумақтарға басымдық беріледі. Алайда аталған жоба болмайынша, жер телімін беруге заңды негіз жоқ, – деп түсіндірді ол. – Егер бұл өзге мақсаттағы жерлер болса, онда тендер не аукцион арқылы беру тетігін қарастыруға болар еді. Қазіргі жағдайда бұл мүмкін емес.

Кәсіпкерлер палатасында мұндай кедергілер уәкілетті органдар тарапынан неғұрлым икемді әрі жедел тәсілді қажет етеді деп санайды.

– Біз нақты инвестициялық жобаны көріп отырмыз – тұжырымдамасы түсінікті, әлеуметтік әсері айқын. Бизнес қаржы салуға, инфрақұрылым құруға дайын. Бірақ жердің болмауы процесті тежеп отыр. Мұндай жобалар қағаз күйінде қалмас үшін мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру маңызды, – деді облыстық Кәсіпкерлер палатасы директорының экономика мәселелері жөніндегі орынбасары Сәкен Абдуллин.

Туризмді дамыту жөніндегі кеңес төрағасы Сымбат Рамазанов та бұл бастаманың аудан үшін маңызын атап өтті.

– Бұл жоба Ұлан ауданы үшін өсу нүктесіне айналуы мүмкін. Ол мультипликативтік әсер береді – халықты жұмыспен қамтудан бастап, ілеспе салалардың дамуына дейін. Сондықтан мұндай бастамаларға басымдық берілуге тиіс. Бұл жерде мәселе рәсімдік процестерге тіреліп отыр, оларды жеделдету қажет, – деді ол.

Кеңес аудандық мәслихат пен әкімдіктен елдімекеннің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеуге қосымша қаржы бөлуді сұрап отыр. Қатысушылар жобаның әлеуметтік маңызын ескере отырып, процесті жеделдету қажет екенін атап өтті.

Әзірге инвестор күтуге мәжбүр. Ұлан ауданында жаңа туристік нысанның пайда болуы жер мәселесінің қаншалық жылдам шешілетініне байланысты.

#ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Өңірде 21 жазатайым оқиға тіркелді

Серік ҚҰСАНБАЕВ

2026 жылдың алғашқы үш айында облыс кәсіпорындарында 21 жазатайым оқиға тіркеліп, 21 адам зардап шекке, соның бірі адам өлімімен аяқталған.

Қайғылы жағдайлардың басым бөлігі тәуекелі жоғары сала – тау-кен металлургия өнеркәсібінде болған. Бұл өңірдегі өндірістік қауіпсіздік мәселесінің әлі де өзекті екенін көрсетеді.

Өңірлік бөліністе ең көп зардап шеккендер Өскемен қаласында тіркелген – 12 адам. Риддер қаласы, Алтай және Глубокое аудандарында екі адамнан, ал Шемонаиха, Ұлан және Самар аудандарында бір-бір жағдайдан тіркелген.

Жалпы, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жазатайым оқиғалар саны азайғанымен, адам өлімі фактісі өндірістегі қауіпсіздік талаптарының толық сақталмай отырғанын аңғартады.

– Жоғары тәуекел аймағындағы кәсіпорындармен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Нәтижесінде 2026 жылы 42 кәсіпорын осы санаттан шығарылды. Сонымен қатар, жазатайым оқиғалар бойынша 24 арнайы тергеп-тексеру жүргізіліп, 43 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бір қызметкер жұмысынан шеттетілді, – деді Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменті басшысының орынбасары Қайрат Абылқайыров.

Сөз орайында өндірістік жарақаттану фактілерін жасыруға жол бермеу мақсатында мемлекеттік еңбек инспекциясы, полиция департаменті, денсаулық сақтау басқармасы және облыстық кәсіподақтар орталығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум жұмыс істейтіндігін айта кеткеніміз жөн.

Жалпы, облыста 2026 жылдың бірінші тоқсанында еңбек мәселелері бойынша азаматтардың жүгіну саны айтарлықтай артып, мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментіне 588 өтініш түскен. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есе көп. Шағымдардың басым бөлігі еңбек қатынастарына қатысты — 572 өтініш. Осыған байланысты инспекция тарапынан 83 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде еңбек заңнамасының жүзден астам бұзушылығы анықталған.

Сонымен қатар оң динамика да байқалады: өңірде өндірістік жарақаттану деңгейі 12,5%-ға төмендеген.

Сондай-ақ, жалақы бойынша берешек мәселесі де өзекті күйінде қалып отыр. Сәуір айының ортасындағы жағдай бойынша үш кәсіпорында қызметкерлер алдындағы қарыз 11,6 млн теңгені құрады. Атап айтар болсақ, «Qazconstruction» ЖШС – 1 қызметкер алдында 1,15 млн. теңге, «Спецавтоматика» ЖШС – 1 қызметкер алдында 2,56 млн. теңге, «LOGYGROUND» ЖШС – бес қызметкеріне 7,9 млн. теңге қарыз.

Департаментте күн сайын еңбек заңнамасы мәселелері бойынша азаматтарды қабылдау жүйелі жүргізіліп тұрады. Жыл басынан бері кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек ұжымдарымен 12 кездесу өткізілген.

#КОДЕКС

Пайдалы қазбалар салығын төлеу тәртібі өзгерді

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі өзгерді. Бұл өзгерістер жергілікті бюджеттердің қаржылық дербестігін арттыруға бағытталған. Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Салық кодексінің нормаларын біркелкі қолдану мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Бюджет кодексінің нормаларымен жергілікті бюджеттердің қаржылық дербестігін кезең-кезеңімен арттыру шеңберінде кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығын (бұдан әрі – КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС) түсімдерін бюджет жүйесінің 3-ші (аудандық, облыстық маңызы бар қала) және 4-ші (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ) деңгейдегі бюджеттеріне есептеу көзделген.

Осыған байланысты «Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі» Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі №152 бұйрығымен 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС 105310 БКК-на есептеледі.

Сонымен қатар 2025 жылғы 18 шілдедегі Салық кодексінің 788 және 789-баптарына сәйкес салық төлеуші салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей орналасқан жері бойынша есептелген салық сомасын бюджетке төлеуге және салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей орналасқан жері бойынша салық органына декларация тапсыруға міндетті.

Бұл ретте Салық кодексінің 11-бабы 4) тармақшасына сәйкес резидент заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің, бейрезидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жері – Қазақстан Республикасында тіркелу кезінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері.

Осыған байланысты қайшылықтарды болдырмау мақсатында аталған мәселе 2026 жылғы 3 наурызда жаңа Салық кодексін енгізу жөніндегі жобалық кеңсенің отырысында қаралды, оның шеңберінде КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС-ты салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша төлеу бөлігінде Салық кодексіне ретроспективті түзетулер енгізу туралы шешім қабылданды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Салық кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін мыналарды басшылыққа алу қажет:

1) КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС бойынша 2025 жылдың 4-тоқсанына арналған декларацияны жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша салық органына ұсынады (105306 БКК-на төлей отырып);

2) 2026 жылғы салық кезеңдері үшін КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС бойынша декларацияны жер қойнауын пайдаланушы салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органына ұсынады (105310 БКК-на төлей отырып).